

Жер салығына арналған ставкалар туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 1 сәуірдегі N 5-3 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 17 сәуірде N 13-2-73 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2009 жылғы 22 маусымдағы N 14-5 Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың аудандық мәслихатының 2009.06.22 N 14-5 Шешімімен

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 12 маусымдағы № 209-ІІ Кодексінің 330, 338 баптарына және аудан әкімінің қолдау хатына сәйкес аудандық мәслихат с е с с и я с ы

Ш Е Ш Т І :

1. Жер салығының ставкалары жеке тұлғалармен ұсынылған ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерге 50 % ұлғайтылсын.
2. Осы шешім ресми жарияланған сәттен он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

V сессия

А у д а н д ы қ

IV шақырылымның төрағасы

мәслихаттың хатшысы

А. Тілеубергенов

Б.Біләлов